

Қаржылық тұрақтылықтың біріктірілген индексінің негізінде
банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығын
бағалау

2010 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша

ҚТБИ көрсеткіштерінің 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2010 жылғы 1 шілде аралығындағы динамикасы

№	Коэффициенттің атауы	1.01.2010	1.01.2010**	1.04.2010	1.04.2010**	1.07.2010	1.07.2010**
I. Капитал коэффициенттері							
1.	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті k1-1	-11,54	11,82	-8,06	11,83	-9,16	11,51
2.	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті k1-2	-11,62	14,22	-8,82	15,18	-9,68	14,31
3.	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті k2	-8,17	18,49	-3,75	19,49	-2,84	18,59
II. Несие портфелі сапасының коэффициенттері							
1.	Үмітсіз заемдардың несие портфеліне қатынасы	30,58	8,67	29,93	9,53	27,72	10,06
2.	Несие портфеліне қатысты заемдар бойынша қалыптастырылған провизиялар	37,67	18,39	36,96	18,81	35,34	19,86
3.	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдардың несие портфеліне қатынасы	21,17	14,40	25,05	16,27	25,25	16,71
4.	Жұмыс істемейтін заемдардың (күмәнділердің 5-санаты мен үмітсіздер) несие портфеліне қатынасы	36,47	16,61	35,94	17,06	34,45	18,44
III. Кредиттік тәуекел коэффициенттері							
1.	ҚР резиденттері емесіне берілген заемдардың несие портфеліне қатынасы	18,71	6,51	17,82	6,68	16,49	6,56
2.	Жылжымайтын мүлік кепілдігіне берілген заемдардың несие портфеліне қатынасы	39,28	42,80	40,41	43,47	39,56	41,70
3.	Құрылыс секторына берілген заемдардың экономикаға берілген жиынтық заемдарға қатынасы	26,75	22,19	26,22	21,24	26,21	21,88
IV. Нарықтық тәуекел қатынасы							
1.	Шетел валютасындағы заемдардың несие портфеліне қатынасы	57,23	54,24	56,35	53,00	54,42	51,24
2.	Пайыздық ставкалардың өзгеруімен байланысты міндеттемелердің меншікті капиталға қатынасы (пайыздық позиция)	-146,88	47,85	-226,33	54,71	-355,68	53,00
3.	Валюталық нетто-позицияның меншікті капиталға қатынасы	-190,15	1,03	-333,05	-0,97	-329,66	1,75
V. Қызмет тиімділігінің коэффициенттері							
1.	ROA	-24,08	0,21	-18,49	0,31	-3,20	0,33
2.	ROE	-1196,49	1,91	-516,99	2,82	-36,80	2,92
VI. Өтімділік коэффициенттері							
1.	Ағымдағы өтімділік коэффициенті k4	97,80	109,74	108,38	123,84	101,19	120,87
2.	Мерзімді өтімділік коэффициенті k4-1 (7 күнге дейін)	505,10	608,54	818,02	916,22	733,14	995,65
3.	Мерзімді өтімділік коэффициенті k4-2 (1 айға дейін)	264,60	333,11	376,63	540,56	380,16	588,43
4.	Мерзімді өтімділік коэффициенті k4-3 (3 айға дейін)	211,60	245,93	247,71	364,47	249,67	287,45
5.	Жиынтық заемдардың заңды және жеке тұлғалардың депозиттеріне (банкаралық операциялар мен SPV салымдарды қоспағанда) қатынасы	154,83	121,80	141,60	111,63	123,12	108,60
6.	Резидент еместер алдындағы міндеттемелердің (арнаулы мақсаттағы ұйымдардың салымдарын ескермегенде) жиынтық міндеттемелерге қатынасы	19,26	16,93	22,95	22,62	20,47	20,58
7.	Өтімді активтердің жиынтық активтерге қатынасы	19,22	20,28	22,29	23,51	23,30	24,37

* индекстердің шекті мәндерінің есептеуі өзгертілді;

** Міндеттемелерін құрылымдау жөніндегі шешім қабылданған 3 екінші деңгейдегі банктерді («БТА Банк» АҚ қайта құрылымдау процесінде тұр, «Альянс Банк» АҚ мен «Темірбанк» АҚ Агенттік Басқармасының «Альянс Банкі» Акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 2010 жылғы 19 сәуірдегі № 54 қаулысына және «Темірбанк» Акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 2010 жылғы 7 шілдедегі № 100 қаулысына сәйкес міндеттемелерінің қайта құрылымдауын аяқтады) ескермей берілген деректер

ҚТБИ құрылымындағы субиндекстердің 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2010 жылғы 1 шілде аралығындағы динамикасы

№ р/с	Қаржылық тұрақтылық индексі	1.01.2010	1.01.2010*	1.04.2010	1.04.2010*	1.07.2010	1.07.2010*
1.	Капиталдандыру индексі	4,00	1,00	4,00	1,00	4,00	1,00
2.	Несие портфелі сапасының индексі	4,00	3,29	4,00	3,29	4,00	3,43
3.	Кредиттік тәуекел индексі	3,80	3,40	3,80	3,40	3,80	3,40
4.	Нарықтық тәуекел индексі	2,80	2,20	2,80	2,20	2,80	2,20
5.	Қызмет тиімділігі индексі	4,00	4,00	4,00	4,00	4,00	4,00
6.	Өтімділік индексі	2,00	1,67	1,67	1,67	1,67	1,44
Қаржылық тұрақтылықтың біріктірілген индексі		3,43	2,59	3,38	2,59	3,38	2,58

Қаржылық тұрақтылықтың біріктірілген индексінің мәні:

1 –ден 1,5 дейін – тұрақты;

1,5-тен 2-ге дейін – қалыпты (орташа тәуекел деңгейімен);

2-ден 2,5-ке дейін – қанағаттанарлық (тәуекелдердің көбеюі үрдісімен);

2,5-тен 3 –ке дейін - қанағаттанарлық (тәуекелдердің өте жоғары деңгейімен);

3-тен 3,5-ке дейін – тұрақсыз;


3,5-тен жоғары – шекті.

* индекстердің шекті мәндерінің есептеуі өзгертілді;


** Міндеттемелерін құрылымдау жөніндегі шешім қабылданған 3 екінші деңгейдегі банктерді («БТА Банк» АҚ қайта құрылымдау процесінде тұр, «Альянс Банк» АҚ мен «Темірбанк» АҚ Агенттік Басқармасының «Альянс Банкі» Акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 2010 жылғы 19 сәуірдегі № 54 қаулысына және «Темірбанк» Акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 2010 жылғы 7 шілдедегі № 100 қаулысына сәйкес міндеттемелерінің қайта құрылымдауын аяқтады) ескермей берілген деректер

ҚР банк жүйесінің тәуекелдер картасы

I. Барлық ЕДБ бойынша



II. «БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ және «ТЕМІРБАНК» АҚ деректері ескерілмеген



1.07.2010 ж. ҚТБИ шолу

Барлық ЕДБ бойынша

Қаржылық тұрақтылық индекстерінің динамикасы



3 ЕДБ-ны ескермегенде ескермегенде

Қаржылық тұрақтылық индексінің динамикасы



Қаржылық тұрақтылықтың біріктірілген көрсеткішінің динамикасы 2008 жылдың соңынан бастап нашарлаумен сипатталады, бұл ретте осы уақытта банктердің экономикалық өрлеу кезеңінде жинақтаған банк жүйесінің көптеген ішкі және сыртқы тәуекелдері орын алды.

Қаржы дағдарысы салдарынан кредиттік тәуекелдер мейілінше іске асырылды, ол кредиттік тәуекел индексінің барынша төмендегенін көрсетеді, сонымен қатар, заемшылардың қаржылық жағдайы мен борышын қамтамасыз ету сапасы нашарлады, ол несие портфелінің сапасының индексі нашарлағанына әкеп соқты. Несие портфелінің сапасы нашарлауына байланысты, банктердің проблемалық заемдар бойынша провизияларды елеулі қосымша қалыптастырулары қажет болды, ол банктердің рентабельдігін төмендетуге және нәтижесі ретінде – қызмет тиімділігі индексі шекті деңгейге дейін төмендетуге әсер етті. Қаржылық тұрақтылықтың 6 индикаторынан қаралатын кезеңде жағдайы «шекті» деп бағаланатын 4 индикатор «4» деген бағаның барынша жоғарғы шкаласына жетті (капиталдандыру индексі, несие портфелінің сапа индексі, кредиттік тәуекел индексі, қызмет тиімділігі индексі).

Бірақ, қаржылық дағдарыстың он сәттері жоқ деуге болмайды, олар ЕДБ-ның:

- әр жекелеген банктерге тән тәуекелдерді анықтауларымен;
- кредиттеу уақытша тоқтап тұру ықтималына, бірақ заемдарды ретсіз беруді төмендетуге әкелген жаңа несиелерді беру әдістерін қайта қарастыруларымен;
- кредиттеу саласын кеңейтулерімен сипатталады.

Сондай-ақ, дағдарыс бір қатар кредиттік ұйымдардың қызметіндегі маңызды ішкі проблемаларды айқындады: корпоративтік басқарудың төмен деңгейін, әлсіз тәуекел-менеджментті, тәуекелдердің жоғарғы шоғырлануын және т.б.

Осы жағымсыз тәжірибені ескеріп, банктер кредиттік және өзге тәуекелдерді, банк бизнесі дамуының сипаты мен динамикасын мұқият талдай бастады, сондай-ақ реттеу бөлігінде Агенттік қабылдаған шаралары да мыңызды рольді атқарды. Біріктескен іс-әрекеттердің нәтижесі болып банк қызметіндегі жақсару мен жандану белгілерін біз бақылағанмыз табылады, ол тұрақтанудың бірінші белгілерін көрсететін индекстер мен қаржылық тұрақтылық коэффициенттеріне тікелей әсер етті.